https://doi.org/10.32523/2616-7255

ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online) 2663-2489

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
# ХАБАРШЫСЫ

# BULLETIN
of L.N.Gumilyov Eurasian National University

№1 (126)/2019

# ВЕСТНИК
Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы

HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series

Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ

ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online) 2663-2489

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
**ХАБАРШЫСЫ**

| **ВЕСТНИК** Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева | **BULLETIN** of L.N. Gumilyov Eurasian National University |
| --- | --- |

**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**

**HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series**

**Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ**

**1 (126)/2019**

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2019
Astana, 2019

***Бас редакторы***
тар.ғ.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті
**Сыдықов Е.Б**. (Қазақстан)

| | |
|---|---|
| Бас редактордың орынбасары (философия) | **Есім Ғ.,** философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Мусабалина Г.Т**., тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (тарих) | **Сарсембина К.К.,** тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| Бас редактордың орынбасары (дінтану) | **Тышхан К**., философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |

*Редакция алқасы*

| | |
|---|---|
| **Әбділдин Ж.М.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Алпысбес М.А.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Артықбаев Ж.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Әбділәшімұлы Д.** | PhD, проф. (Қытай Халық Республикасы) |
| **Әбдуақап Қара** | тар.ғ.д., проф. (Түркия) |
| **Бозжигитова М.М.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | тар.ғ.д., проф.(Ресей) |
| **Бурбаев Т.К.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Васильев Д.В.** | тар.ғ.д., доцент (Ресей) |
| **Джампеисова Ж.М.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Дүкенбаева З.О.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | с.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Ибадуллаева З.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Иманжүсіп Р.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Каженова Г.Т.** | тар.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Камарова Р.И.** | философ.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Ковальская С.И.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Құрманалиева А.Д.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Любичанковский С.В.** | тар.ғ.д., проф. (Ресей) |
| **Медеуова К.А.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Муминов А.К.** | тар.ғ.д., проф.(Түркия) |
| **Мусагалиева А.С.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Мустафина Р.М.** | тар.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Нұрышева Г.Ж.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Педрацки М.** | PhD д-ры, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD д-ры (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Рысқалиев Т.Х.** | философ.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Садықов Т.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Сайлаубай Е.Е.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Самашев З.С.** | тар.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Сапарғалиева С.Ж.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Саркулова М.С.** | философ.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Сейтказина К.О.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Таиров А.Д.** | тар.ғ.д. (Ресей) |
| **Таймағамбетов Ж.Қ.** | тар.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Ташағыл А.** | проф. (Түркия) |
| **Умиткалиев У.У.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Хабдулина М.К.** | тар.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Чарлз Уиллер** | философ.ғ.д., проф. (АҚШ) |
| **Шаповал Ю.В.** | философ.ғ.д., доцент (Қазақстан) |
| **Шемшек Ахмед** | философ.ғ.д., проф. (Түркия) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 349 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-357)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Жауапты хатшы, компьютерде беттеген*:* Қ.Ж. Жұмабекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**
Меншіктенуші: **ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК**
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 25 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31 357)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Historical Sc., Professor, Academician, Vice-President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
Sydykov Ye.B. (Kazakhstan)

| | |
|---|---|
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Yessim G.,** Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Mussabalina G.T.**, Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Sarsembina K.K.**, Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| *Deputy Editor-in-Chief* | **Tyshkhan K.,** Can. of Philosophy (Kazakhstan) |

Editorial board

| | |
|---|---|
| **Abdildin Zh.M.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Alpysbes M.A.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Artykbayev Zh.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Abdilashimuly D.** | PhD, Prof. (China) |
| **Abduakap Kara** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Bozzhigitova M.M.** | Doctor of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Boroffka Nikolaus** | PhD (Germany) |
| **Bukanova R.G.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Russia) |
| **Burbayev T.K.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Charles Wheeler** | Doctor of Philosophy, Prof. (USA) |
| **Dzhampeisova Zh.M.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Dukenbayeva Z.O.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Ermenbayeva G.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ibadullayeva Z.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Imanzhusip R.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Ismagambetova Z.N.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Kazhenova G.T.** | Can. of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kamarova R.I.** | Can. of Philosophy (Kazakhstan) |
| **Khabdulina M.K.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Kovalskaya S.I.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Kumekov B.E.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Kurmanaliyeva A.D.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Lyubichankovskiy S.V.** | Doctor of Historical Sc., Prof.(Russia) |
| **Medeuov K.A.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Muminov A.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Turkey) |
| **Musagaliyeva A.S.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Mustafina R.M.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Nurysheva G.Zh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Pedracka M.** | PhD, Assoc.Prof.(Poland) |
| **Piancolla Nicolo** | PhD (Hong Kong) |
| **Rakhimbekova A.Zh.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Ryskaliyev T.Kh.** | Doctor of Philosophy, Prof. (Kazakhstan) |
| **Sadykov T.** | Doctor of Historical Sc. , Prof. (Kazakhstan) |
| **Sailaubay E.E.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Samashev Z.S.** | Doctor of Historical Sc. (Kazakhstan) |
| **Sapargaliyeva S.Zh.** | Can. of Philosophy, Assoc. Prof. (Kazakhstan) |
| **Sarkulova M.S.** | Can. of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Seytkazina K.O.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shapoval Yu.V.** | Doctor of Philosophy, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Shayakhmetov N.U.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Shemshek Akhmed** | Doctor of Philosophy, Prof. (Turkey) |
| **Taitrov A.D.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |
| **Taymagambetov Zh.K.** | Doctor of Historical Sc., Prof. (Kazakhstan) |
| **Tashagyl A.** | Prof. (Turkey) |
| **Umitkaliyev U.U.** | Can. of Historical Sc., Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Vasilyev D.V.** | Doctor of Historical Sc., Assoc.Prof. (Russia) |
| **Zhakiyanov T.Zh.** | Can. of Sociological Sc. (Kazakhstan) |
| **Zherebtsov I.L.** | Doctor of Historical Sc. (Russia) |

Editorial address:2, Satpayev str., of.349, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-357)
E-mail: vest_hist@enu.kz

Responsible secretary, computer layout:
K. Zh. Zhumabekova

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration number 16994-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 25 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-357)

*Главный редактор*
д.и.н., проф., академик, вице-президент Национальной академии наук Республики Казахстан
**Сыдыков Е.Б.** (Казахстан)

| | |
|---|---|
| Зам. главного редактора (философия) | Есім Ғарифолла, д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Мусабалина Г.Т., д.и.н., проф. (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (история) | Сарсембина К.К., к.и.н., доцент (Казахстан) |
| Зам. главного редактора (религиоведение) | Тышхан К., к.философ.н., доцент (Казахстан) |

*Редакционная коллегия*

| | |
|---|---|
| **Абдильдин Ж.М.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Абдилашимулы Д.** | PhD, проф. (Китайская Народная Республика) |
| **Абдуакап Кара** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Алпысбес М.А.** | д.и.н., проф.(Казахстан) |
| **Артыкбаев Ж.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Бозжигитова М.М** | д.философ.н. (Казахстан) |
| **Бороффка Николаус** | PhD (Германия) |
| **Буканова Р.Г.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Бурбаев Т.К.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Васильев Д.В.** | д.и.н., доцент (Россия) |
| **Джампеисова Ж.М.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Дукенбаева З.О.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ерменбаева Г.К.** | к.и.н.., доцент (Казахстан) |
| **Жакиянов Т.Ж.** | к.с.н. (Казахстан) |
| **Жеребцов И.Л.** | д.и.н. (Россия) |
| **Ибадуллаева З.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Иманжусип Р.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Исмагамбетова З.Н.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Каженова Г.Т.** | к.и.н. (Казахстан) |
| **Камарова Р.И.** | к.философ.н. (Казахстан) |
| **Ковальская С.И.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Кумеков Б.Е.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Курманалиева А.Д.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Любичанковский С.В.** | д.и.н., проф.(Россия) |
| **Медеуова К.А.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Муминов А.К.** | д.и.н., проф. (Турция) |
| **Мусагалиева А.С.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Мустафина Р.М.** | д.и.н, проф. (Казахстан) |
| **Нурышева Г.Ж.** | д.ф.н., проф. (Казахстан) |
| **Педрацки М.** | PhD, доцент (Польша) |
| **Пианчолла Николо** | PhD (Гонконг) |
| **Рахимбекова А.Ж.** | к.и.н, доцент (Казахстан) |
| **Рыскалиев Т.Х.** | д.философ.н., проф. (Казахстан) |
| **Садыков Т.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Сайлаубай Е.Е.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Самашев З.С.** | д.и.н. (Казахстан) |
| **Сапаргалиева С.Ж.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Саркулова М.С.** | к.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Сейтказина К.О.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Таиров А.Д.** | д.и.н. (Россия) |
| **Таймагамбетов Ж.К.** | д.и.н., проф. (Казахстан) |
| **Ташагыл А.** | проф. (Турция) |
| **Умиткалиев У.У.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Хабдулина М.К.** | к.и.н., доцент (Казахстан) |
| **Чарлз Уиллер** | д.философ.н., проф. (США) |
| **Шаповал Ю.В.** | д.философ.н., доцент (Казахстан) |
| **Шемшек Ахмед** | д.философ.н., проф. (Турция) |

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 349
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-357)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Ответственный секретарь, компьютерная верстка
Д.С. Байтлесова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. ***Серия:*** **Исторические науки. Философия. Религиоведение**
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрировано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан. Регистрационный номер 16994-Ж от 27.03.18.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 25 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-357)

©Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилев

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР

#### Қазіргі Қазақстан тарихы

***Абдыкулова Г., Мусабалина Г.Т.*** Үлкен қаланың күнделікті өмірінде тамақтану мәдениеті (Астана қ. мысалында) ........ 8

***Алпысбес М.А., Ускембаева А.А.*** Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің даму тәжірибесі мен болашағы ........ 20

***Ауанасова Ә.М., Нұрпейісов Е.Қ.*** Посткеңестік Қазақстандағы сайлау заңнамасының тарихы ........ 26

***Байсыиков С.А.*** 29 мамыр - БҰҰ бітімгершілерінің халықаралық күні ........ 36

***Моминова Г.Т., Алпысбес М.А.*** Қазақстанның тарихи географиясының ғылыми тұрғыда зерттелу мәселелері ........ 44

***Табулдинова А.М., Кадырова Г.К.*** 1940 – 1949 жылдардағы Қытайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі және оның нәтижесі ........ 57

### ЭТНОЛОГИЯ

***Жанисов А.Т., Кумисова А.О.*** Қазақтардың жауынгерлік дәстүрі мен әскери өнері (тарихи-этнографиялық материалдар негізінде) ........ 63

### ФИЛОСОФИЯ

***Есім Ғ.*** Pálsapa ренессансы ........ 70

***Чарльз Р. У.*** Профессор Ғарифолла Есімнің тәлімгерлігі: өмір сабақтарынан туындаған қазақ мұсылман мектебі ........ 77

**CONTENTS**

**HISTORICAL SCIENCES**

**Modern history of Kazakhstan**

***Abdykulova G., Musabalina G.T.*** Food culture in everyday big city life (the case of Astana city) ...................... 8

***Alpysbes M.A., Uskembayeva A.A.*** Experience and prospects for the development of integration processes in Central Asia .......................................................................................................................................... 20

***Auanasova A.M., Nurpeisov E.K.*** The history of election law in post-Soviet Kazakhstan .............................. 26

***Baisyikov S.*** 29 may- International Day of UN Peacekeepers ........................................................................ 36

***Mominova G.T. Alpysbes M.A.*** On the experience Problems of scientific research of the historical geography of Kazakhstan ......................................................................................................................................... 44

***Tabuldinova A.M., Kadyrova G.K.*** National – liberation uprising of the Kazakhs in China in the years 1940-1949 and its results ......................................................................................................................................... 57

**ETHNOLOGY**

***Janisov A.T., Kumissova A.O.*** Martial traditions and military art of the Kazakhs (on the basis of historical ethnographic materials) ........................................................................................................................ 63

**PHILOSOPHY**

***Esim G.*** Renaissance pálsapa........................................................................................................................ 70

***Чарльз Р. У.*** Mentorship under professor Garifolla Yessim: life lessons from a kazakh muslim scholar ......... 77

## СОДЕРЖАНИЕ

### ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

#### Современная история Казахстана

***Абдыкулова Г., Мусабалина Г.Т.*** Культура питания в повседневной жизни большого города (на примере г. Астана) ........ 8

***Алпысбес М.А., Ускембаева А.А.*** Опыт и перспективы развития интеграционных процессов в Центральной Азии ........ 20

***Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К.*** История законодательства о выборах в постсоветском Казахстане ... 26

***Байсыиков С.А.*** 29 мая – Международный день миротворцев Организации Объединенных Наций ..... 36

***Моминова Г.Т., Алпысбес М.А.*** Проблемы научного изучения исторической географии Казахстана ... 44

***Табулдинова А.М., Кадырова Г.К.*** Национально – освободительное восстание казахов в Китае в 1940-1949 годах и его результаты ........ 57

### ЭТНОЛОГИЯ

***Жанисов А.Т., Кумисова А.О.*** Боевые традиции и военное искусство казахов (на основе историко-этнографических материалов) ........ 63

### ФИЛОСОФИЯ

***Есим Г.*** Ренессанс pálsapa ........ 70

***Чарльз Р. У.*** Наставничество профессора Гарифолла Есим: уроки жизни казахской мусульманской школы ........ 77

**Философия**
**Philosophy**

ХҒТАР 02.91.09

**Ғарифолла Есім**
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
*(E-mail: garifollaesim@mail.ru)*

# Pálsapa ренессансы

**Аннотация.** Pálsapa адамның көркем мінезін қалыптастыратын пән. Адамның адамдығы ақыл, білім, ғылым, мінез деген нәрселермен анықталады. Әл-Фарабиден Х ғасырда басталып, он жүзжылдыққа созылған pálsapa Абаймен аяқталып және де Абай pálsapa-ның қазақ топырағындағы жаңа бетін ашты.

**Кілт сөздері:** pálsapa, философия, көркем мінез, таза ойлау, Абай, әл-Фараби, Жаратушы, дүниетаным.

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2019-126-1-70-76**

Ойлаудың бізге мәлім екі түрлі жүйесі бар. Бірі pálsapa таза ойлау, екінші Батыс Еуропада қалыптасқан жүйе – философия.

Жаңаша және инновациялық ойлау мәселесі дегенде осы екеуінің қайсысын негізге алмақпыз.

Ол үшін pálsapa мен философия деген ұғымдарға жеке-жеке тоқталайық. Сөзді алдымен өзімізге таныс Философиядан бастайық.

Философия деген терминді әрі түсінікті әл-Фарабиден, ибн Синадан, Қорқыт атадан, Иоллығтегін, Махмұд Қашқари сөздігінен, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білімінен», Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хикметінен» кездестірмейсіз. Хакім Абай да өлеңдерінде, қара сөздерінде философия дегенді қолданбаған.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында: « – ... Сол философ айтады-дейді Абай: «Ал, біз иланайық, яғни Құран жаратушы иенің бір ғана соңғы пайғамбарына өзі айтып берген сөзі болсын. Солай болғандықтан, бұл адам баласының көп ойшылдары, ғалымдары айтқан сөздердің барлығынан да дұрысырақ, тереңірек болса керек. Ғылымның ғылымы, шындықтың шыны, ойшылдықтың ең жоғарғы өрі осында болса керек еді, ал бірақ осылай болмай тұрғаны несі?» - дейді жаңағы философ». «... Абай аға! Көкбай қашса, қашқандай екен! Мына философыңыз алқымнан алып тұр ғой өзі! Бұнысы жөн болғанда, неміз қалады, неғып жүрген боламыз осы? - деп еді.

... Абай Кәкітайдың қиналуын түсінді де:

Көп философты оқысаң бұдан да үлкен, бұдан да ащы шындықтарға ұшырасасың. Бірақ одан, жонынды көрсетіп Көкбайша қашпай, не дейтінін білуге тырыс. Ойға салып сына да, талғай бер! – деді». [1, 160-161 б.]

Мұхтар Әуезов осы жолдарды Кеңес заманында философтардың қылыштарынан қан

тамып тұрған кезеңінде жазса да, оның философтарға іші жылымағаны мәтіннен айқын аңғарылған, Абай сөзі етіп «Ойға салып сына да, талғай бер» деп, өз пікірін білдірген. Кемеңгер Мұхтар философтарды сынға алу қажеттілігін өз заманында айқын сезінген. Шәкәрім болса «Үш анық» еңбегінде философтарға күйрете соққы бергені, жұртшылыққа аян.

Философияны ешқандай сынға, талғауға салмай айқара құшақ жая қарсы алған қазақ коммунистері болды. Кемеңгер Мұхтардың болса философияға беті бұрылмай-ақ кетті. Философияны Алаш азаматтары да қабылдамаған.

Қазақ жеріне философия дінмен жағаласа, алыса келді. Дінге қарсылықты дәстүрлі мұсылмандығын іштей сақтаған, зиялы қауым қалай қабылдасын. Философияның классигі Карл Маркс дінді-апиын деген соң, дін мен философия ымырасыз күреске түсті де кетті. Философия теология дегенмен де қаны қас, себебі (гр. «theos» – құдай және «logos» – ілім) Философия дін мен ғылымды бір-біріне қарсы қоюды дәстүрге айналдырды. Философияның арқа сүйегендері материализм және атеизм. Философия Жаратушы деген ұғымды барынша жоюға кірісті. Философия аңыз әңгімелерге, фольклорға, ауыз әдебиетіне де соққы бере бастады. Арабша жазылған кітаптар күдікті болып өртелді, жойылды.

Социализммен бірге философия да күшейді. Әлемнің тең жартысы дерлік «социалистік лагерь» елдерін құрап, сондағы жоғарғы оқу орындарында Маркстік-лениндік философияны пән ретінде оқыту дәстүрі әбден қалыптасып, адамдардың ойлау жүйесінде адасушылық мықтап сіңе бастады. Бірақ, ол заманда мұны адасушылық деп айтқандар бірлі-жарым болмаса, көпшілік үнсіз қабылдады. Себебі, таза ойлау жүйесін насихаттаушыларды іріктеп, сұрыптап, оларды жер-жерден іздестіріп, тауып, жойып отырған. Жазадан аман қалғандар дымдарын іштерінен шығара алмай, үрей құшағына енген-ді.

Қалған халыққа бәрібір, жоғарғы жақ айтса болды, ел ішіндегі үгіт және насихатты кәсіпке айналдырған «шолақ белсенділер жұртты коммунизм іліміне тоғытып жатты.

***

Бұлтсыз аспан бола ма қайдан, қалай болған әлі зерттеуді қажет етеді, Алматыда Философия және құқық институты ашылып, оған сау етіп философтар қаптады да кетті. Оны «Қазақстандық философиялық мектебі» деп даурығып кеттік. Олар диалектикалық логикамен қауырт айналысып, Гегель мен Канттың философияларын қопара бастады. Неміс тілін білмейтіндеріне қарамай көп кітаптар жазып тастады. Большевиктер Лениннен де «керемет» философ жасады, оның «Философиялық дәптерлер», «Материализм және Эмпириокритицизм» деген еңбектері классика деп танылып, студенттерге түсіндірумен болдық, шындығына келсек, студенттер оларды қабылдамады.

Осындай халмен 1991 жылғы Тәуелсіздікке де жеттік. Тәуелсіздік дегеніміз жаңаша ойлау, бірақ философияға тәуелсіздіктің әсері соншама болмады, нығайып, бекіп қалған ескіше ойлайтын философтар қатары әлі мығым. Солай болғанымен 1992 жылдан бастап философияға шабуылдар басталды. Абай дүниетанымындағы Алла тағала туралы айтыла бастады. Ғылым мен діннің арасындағы үйлесімдік анықталды. Философтар ішінде мазасыздық өршіді. Бұл арада қазақ философиясы туралы он шақты диссертациялар қорғалды. Сөйтіп, батыстық философияның қабырғасы сөгіліп, pálsapa деген ойлау жүйесі бас көтерді. 1999 және 2000 жылдары менің «Фалсафа тарихы» деген оқулық-хрестоматиям екі мәрте жарық көрді. Кітап тез таралды.

Алайда қалыптасып қалған ескі философиялық жүйені өзгерту қиынның қиыны, жаңаша ойлаушылар қатары аз, әрі әлсіз еді.

***

Осы тұста мынандай психологиялық ахуалды айтпасқа болмас. Кеңес заманында қалыптасқан философтар шеп құрып, ол шепке көпшілікті жақындатпай ұстады. Оның мәнісі мынада, диалектикалық логика мамандары Гегельдің, Канттың еңбектерін зиялы қауым ұқпайтындай етіп түсіндіріп, олардан «философ құдайлар» жасады. Оларды сынауға болмайды. Сынайды екенсің, сен философияны түсінбейсің, өрең тар, топассың дейтін. Философияны халық түсінбейтіндей «дәрежеге» көтеріп, қорған құрып соған өздері тығылып күн кеше бастады.

Маркстік-лениндік философия, оның құрылымы: диалектикалық және тарихи материализм, диалектикалық логика дегендер мағынасы жағынан схоластика, тәсілі жағынан софистика, ал мазмұны жағынан коммунизм идеясын, коммунистерді, социализмді жақтап, насихаттаған апологетика болды.

Бұл философия коммунистік партияның жалшысы-қызметкері. Коммунистік партия философияны үнемі қолдап, қорғап отырды. Коммунистердің философиялық ұраны «марксизмнің жаны диалектика». Ең масқарасы Карл Маркс философиядан зиялылықты сыпырып тастап, оны «пролетариаттың рухани қаруы» деген болатын. Ойлау дегенді бұдан асқан қорлау бола ма, философия тобыр санасына айналды, одан партиялық санаға өтіп, ақыры социалистік қоғамның идеологиясының теориясы болып тұрақтады. Философтар диалектика, гносеология, логика дегендерді алдымен бөліп талқылап, ақыры үшеуі бір сөз деген софистикаға тоқталып, ол туралы том-том кітаптар жазды.

Философияда өтірік көп. Соның бірі туралы Рене Генон «Шығыс және Батыс» еңбегінде (1924 жылы жазылған) материализм XVIII ғасырда қалыптасқан дейді. Материализм деп тұңғыш айтқан Беркли, ол материяның шындығына сенуді материализм деп түсінген. Материализм теориясы Ламетри мен Гольбахтан бастау алған. Антикалық заманда материализм деген түсінік болмаған, оны сол дәуірдегі механицизммен шатастыруға болмайды деген Рене Генон. Біз болсақ, Фалес, Анаксимандр, Анаксимен т.б. өз заманының ірі физиктерін Милет материалистері деп, антикалық дәуірден материализм мен идеализм күресін тауып шуладық емес пе?! Ленин дәл бүгіндей, философияда екі мың жыл бұрын да партиялық болды деп философияны мүлдем саясаттандырған.

***

2000 жылы әлі философтар қауқары қатты болып тұрғанда pálsapa деген идеямды өткізе алмайтындай болған жағдайда «Қазақ философиясының тарихы» деген оқулық жазып, жарыққа шығарып едім, оның өзі философтардың ашу-ызасын туғызды. Философтар өре түрегесіп:

– Қазақ философиясы болуы мүмкін емес десті, мен:

– Неге неміс философиясы, француз философиясы, орыс философиясы болады деймін ғой. Олардың айтатындары:

– Олар алдыңғы қатардағы өркениетті ұлттар.

Иә, біз «қараңғы қазақпыз» баяғы. Бүгінде ойлаймын, менің оппоненттерімдікі дұрыс. Қазақта философия болмаған. Қазақ халқы мұсылмандықтан ешқашан кетпеген.

Қазақта философия жоқ, қазақта pálsapa бар. Халқымыз дін мен ғылымды қарсы қоймаған. «Қазақ философиясының тарихын, енді «Қазақ pálsapa-сының тарихы» деп қайта жазуым керек.

***

Енді pálsapa туралы айтайық. Осы мәселеге саяси мағынада жол ашқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың екі мақаласы, біріншісі – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», екіншісі – «Ұлы даланың жеті қыры».

Бірінші мақалада рухани жаңғыру тамырдан басталу керек деген терең идея айтылған. Қазақ халқының ойлау мәдениетінің тамыры тереңде. Қазақты сақ жұртының жұрағаты деп есептесек, арғызаманның VII жүзжылдығында ғұмыр кешкен сақ ойшылы тарихқа «Анахарсис Скифский» деген атпен қалған, ғұламаның ойларынан бастау қажет. Біздің заманымызға дейін бұл жиырма бес жүзжылдық. Тамырдың тереңі дегеніміз осы емес пе?!

Екінші мақалада ұлы даламызда қала, онда өркениет болғаны туралы айтылған: «Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан». Әбу Насыр әл-Фараби туралы жетпісінші жылдардан бастап айтыла бастады, бұл істе марқұм Ақжан Мамановтың еңбегі айтарлық. Сол жылдары әл-Фарабидің 1000 жылдық мерейтойы аталып өтілді. Философия және құқықтану институты жанынан әл-Фараби мұрасын зерттейтін орталық құрылды. Бұл жұмысты философ-академик жүргізді. Бірақ, әл-Фараби еңбектері батыстық мәнердегі философиялық лексикаларды пайдаланып аударылды, әрі сол мағынада түсіндіріле бастады. Бұдан тиімді нәтижелі іс шықпады, әл-Фарабидің pálsapa-ға қатысы жоқ секілді зерттелді.

Жуырда батыс ғалымдарының 100 кітаптары қазақ тіліне аударылды. Соның бірі ағылшын ғалымы Карен Армстронгтың «Құдай тарихы» деген көлемді еңбегі. Осы автор араб-мұсылман ойшылдары туралы айта келіп, әл-Фарабиді: «pálsapa-ның негізін қалаушы» - деген тұжырым жасаған.

Pálsapa әл-Киндиден бастау алады дейтінбіз, ол шындық бірақ pálsapa-ны жанжақты ойлау мәдениетінің таза жүйесі ретінде қалыптастырған әл-Фараби.

Әл-Фарабидің pálsapa-ны таза ойлау жүйесі ретінде негіздеген уақыты - Х жүзжылдық. Бұл кезде Европада не бар, «Қараңғылық ғасырлары». ХІ, ХІІ ғасырларда pálsapa-ның нағыз өрлеу дәуірі еді. Араб-мұсылман ойшылдарын айтпағанда, ХІ ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иассауи – ислам теологиясын (pálsapa-сын) түрік тілде «Диуани хикмет» кітабында тамаша өрнектеп берді. Ол мұсылмандық ойлау жүйесіне түркілік құндылықтарды енгізді. Pálsapa түркі тілінде сөйлеп кетті. Бұл ғажаптың ғажабы еді. Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмірге келіп, ғұмыр кешкен - ғұлама.

Түркілік лексиканы одан әрі жетілдірген ХІ-ХІІ ғасырларда ғұмыр кешкен Махмұд Қашқари болатын. Ол түркі сөздігін жасаған кемеңгер тұлға.

Pálsapa-ны нағыз түркілік негіздемеге түсірген Жүсіп Баласағұн. Ғұлама «Құт білімі» деген pálsapa-лық еңбек жазып, мынандай ұғымдарды талқылап берген, олар Әділеттілік, Құт, Ақыл және Қанағат. Ол кісінің айтуынша Әділеттілік – Күннен, Құт – Айдан, Ақыл – адамнан, Қанағат болса осы үшеуінің өлшемі. Қанағатсыз – ақыл жоқ. Бәрінің кілті – Қанағатта. Кітап ел басшыларына арналған, кезінде оны «Патшалар кітабы» деп атаған.

Одан бергіде Асан қайғының «Жер-ұйық» ілімі pálsapa-лық идея. Pálsapa-ның салмақты тұсы хакім Абайға қатысты. Ол pálsapa-ны хикмет деп түсінді. Хикмет айту әрине – pálsapa.

Әл-Фарабиден Х ғасырда басталып, он жүзжылдыққа созылған pálsapa Абаймен аяқталып және де Абай pálsapa-ның қазақ топырағындағы жаңа бетін ашты.

***

Pálsapa мен философия туралы мен 2018 жылдың 15 қарашасында «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде жарық көрген «Pálsapa – таза ойлау жүйесі» деген мақаламда айтқан ойларымды қайталамайын, айтарым, pálsapa-да дін мен ғылымның қайшылығы жоқ, pálsapa-да оның теологиямен қайшылығы жоқ, теология мен pálsapa негізінен үйлесімдік

тапқан. Әрине, бұл тұста имам әл-Ғазалидің pálsapa туралы айтқаны өте құнды. Философияға әл-Ғазали түбегейлі қарсы болған, ел pálsapa туралы пікір жарыстары болғанға ұқсайды, бұл арнайы зерттелетін тақырып.

